

"McGuire, Woods, Battie & Boothe, L.L.P" халықаралық заң фирмасына көрсеткен қызметтері үшін төлем жасау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 6 маусымдағы N 168 "1996 жылғы 12 қарашада Нью-Делиде (Үндістан) болған авиаапатына байланысты "McGuire, Woods, Battie & Boothe, L.L.P" халықаралық заң фирмасын" Қазақстан Республикасының мүддесін қорғауға тарту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 қарашадағы N 1402 Р961402_ қаулысының 6-тармағын атқару үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Әділет министрлігіне " McGuire, Woods, Battie & Boothe, L.L.P" халықаралық заң фирмасына 1997 жылдың ақпан және наурыз айларында көрсеткен қызметтері үшін төлем жасауды жүзеге асыруға "Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қоры" бағдарламасы бойынша 1997 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен 75 120 (жетпіс бес мың жүз жиырма) АҚШ долларына баламды сома бөлсін.

Премьер-Министр